

ЖЕМ - САҒЫЗ

№32 (7892) 13 тамыз, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Науқан

Қарауылкелді ауылында өткен кездесуде партияның елдің саяси жүйесін жаңғырту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы ұсыныстары сөз болды.

«Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатындағы басқосуға Құрылтай депутаттығына кандидат Ербол Данағұлов пен штаб мүшелері – Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, Темір ауданының Құрметті азаматы Боран Ізбасов, Ақтөбе қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахат Мырзалин, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Естай Сисенбаев қатысты.

Мәдениет, спорт және өрт сөндіру саласының ардагерлерімен және қызметкерлерімен өткен кездесуде сөз алған Ербол Данағұлов партия бағдарламасымен таныстырып, оның негізгі мақсаты – елдегі әділеттілікті орнықтыру, азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік мәселелерді шешуге басымдық беру және өңірлердің дамуына жағдай жасау екенін атап өтті.



«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

– «Әділет» партиясы бойынша бір өңірлік, 13 аумақтық штаб құрылды. Штапта 1000-ға жуық сенімді өкіл, 450 мүше жұмыс жасайды. Кестеге сәйкес шалғайдағы елді мекендер мен ауылдық округтерді, сондай-ақ ауданды аралап, сайлауалды бағдарламамен таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өздеріңіздей қызметкерлермен, зиялы қауыммен, ардагерлермен жүздесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдап, пікірлерін жинап жүрген жайымыз бар, – деді Ербол Данағұлов.

Кандидат партия бағдарламасында әлеуметтік әділеттілікке, сапалы білім мен денсаулық сақтау жүйесін дамытуға, еңбек адамының құқығын қорғауға, шағын және орта бизнесті қолдауға, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын жақсартуға басымдық берілетінін жеткізді. Сонымен бірге мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту мәселелеріне тоқталды.

Кездесу барысында штаб мүшелері де Конституцияға енгізілетін өзгерістердің мақсаты мен маңызына тоқталып, саяси жаңғырудың елдің болашағы үшін қажеттілігін түсіндірді.

Сондай-ақ ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Кездесуге қатысушылар өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салып, ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша ұсыныстарын жеткізді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Иссапар

ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТЫ САҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАСТАМА

Жарқамыс ауылдық округінде аудандағы орман шаруашылығын дамыту, тәлімбақ жұмысын жандандыру және ауданның оңтүстігіндегі табиғи аумақтағы жануарлар дүниесін қорғауға алу мәселелері талқыланды. Осы мақсатта өткен апта соңында Қарауылкелді-Қарасулы-Жарқамыс-Қарауылкелді бағыты бойынша жұмыс сапары ұйымдастырылып, тәлімбақтың қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспарлар сараланды.

Жұмыс сапарына Байғанин ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының құрметті журналисті, телевизия саласының ардагері Жақсылық Айжанұлы, «Жем-Сағыз» газетінің редакторы Ұлықпан Қадір, Байғанин орман және жануарлар дүниесін сақтау мекемесінің бастығы Нұркен Өбдіжәмиев, облыстық орман шаруашылығы бөлімінің бас маманы Еркебулан Таласбаев және Жарқамыс ауылдық округінің әкімі Асылхан Жұбаналин қатысты.

Сапар барысында Жарқамыс ауылындағы тәлімбақтың аумағы қаралып, көшеттердің жай-күйі, суару жүйесі, қоршау жұмыстары және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар пысықталды. Қазіргі таңда тәлімбақтың 4 гектар аумағына түрлі ағаш көшеттері отырғызылған. Мұнда қарағаш, терек, жидек, алма, қарағай, арша, шырша және ива секілді ағаш түрлері өсіп келеді.

Тәлімбақта өсірілген көшеттер алдағы күз және көктем айларында Жарқамыс пен Қосарал ауылдарының аумағына отырғызылмақ. Бұл жұмыстар елді мекендерді көгалдандырумен қатар, табиғи ортаны жақсартуға, жасыл желек көлемін арттыруға бағытталған.

Тәлімбақ – табиғатты түлетудің негізі

Жарқамыс ауылдық округінің әкімі Асылхан Жұбаналиннің айтуынша, округте орман шаруашылығы 2024 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Тәлімбақтың қалыптасуына да осы кезеңнен бастап басымдық берілген.

– Бүгінгі таңда 4 гектар жерге тәлімбақ егілді. Әкімшілік тарапынан қолдау көрсетіліп, компаниялардың демеушілігімен 50 тонналық екі су жинайтын бөшке әкелінді. Қазір Жем өзенінен дизель генераторы арқылы су алынып, тәлімбақ суарылып отыр. Тәлімбақтың жұмысы біртіндеп тұрақталып келеді, – деді ауыл әкімі.

Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің бастығы Нұркен Өбдіжәмиевтің айтуынша, аудан аумағындағы орман шаруашылығын дамыту бағытында бірқатар жұмыс қолға алынған. Қазіргі таңда мекеменің қарамағында екі тәлімбақ жұмыс істейді. Оның бірі – 40 гектар аумақтағы Жарқамыс

ауылында, екіншісі – Қарауылкелді ауылындағы Әулие бөгеті маңында орналасқан 20 гектарлық тәлімбақ.

– Қарауылкелдідегі тәлімбақтың 6 гектар аумағы қоршалып, мұнда ағаштың 32 түрі егілді. Жарқамыста 4 гектар жер қоршалып, көшеттер өсірілуде. Жалпы аудан бойынша орман шаруашылығына арналған аумақ көлемі 150-200 мың гектарды құрайды. Оның шамамен 95 мың гектары орманмен көмкерілген, – деді Нұркен Өбдіжәмиев.

Мекеме басшысының сөзінше, орман алқабын ұлғайту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2025 жылдың күзінде Кенжалы елді мекені бағытында 200 гектар аумаққа ағаш көшеттері егілген. Ал 2026 жылдың көктемінде Қосарал бағытына 86 гектар жерге орман көшеттері отырғызылған.

Биылғы жоспар бойынша жалпы 350 гектар аумаққа орман отырғызу көзделсе, оның 90 гектары орындалған. Қалған жұмыстарды



күз мезгілінде жалғастыру жоспарланып отыр. Ал 2027 жылы орман көшеттерін отырғызу көлемін 500 гектарға жеткізу межеленген.

2025 жылы тәлімбақтың қоршау жұмыстары жүргізіліп, күз мезгілінде тұқымдар егілген. Биыл көшеттердің өсу қарқыны жаман емес. Сонымен қатар құм басу қаупін азайту мақсатында тәлімбақ аумағында сексеуіл де отырғызылған. Алдағы уақытта оның көлемін ұлғайту жоспарланып отыр.

Жергілікті жерде тәлімбақтың болуы – ауданның көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды бастамалардың бірі. Қазіргі таңда мекеменің көшеттерге тәуелділік болса, алдағы уақытта өз жерінде өсірілген көшеттерді елді мекендерге отырғызу жұмыстары кеңеймек.

Орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту да маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі таңда мекемеде төрт орманшылық бойынша 39 адам еңбек етеді. Алдағы уақытта штат санын арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашу көзделіп отыр.

– Қазір мекеме қарамағында бес трактор, төрт соқа, лизинг арқылы алынған бір өрт сөн-

діру машинасы, шағын орман өрт сөндіру техникасы, бес мотоцикл, үш патрулдік техника және адам тасымалдауға арналған бір көлік бар. Дегенмен бүгінгі таңда осы техникаларды орналастыратын арнайы орын жоқ. Бұл мәселе алдағы уақытта шешімін табады деп ойлаймыз, – деді мекеме басшысы.

Тәлімбақта өсірілген көшеттер алдағы күз және көктем айларында Жарқамыс пен Қосарал ауылдарының аумағына отырғызылмақ. Бұл жұмыстар елді мекендерді көгалдандырумен қатар, табиғи ортаны жақсартуға, жасыл желек көлемін арттыруға бағытталған.

Резерват құру – табиғи мұраны қорғау жолы

Сапар барысында ауданның оңтүстігіндегі табиғи аумақты қорғау мәселесі де сөз болды. Байғанин ауданының құрметті азаматы Жақсылық Айжанұлы бұл бастаманың көтеріліп келе жатқанына он жылға жуық уақыт болғанын айтты.

– Бүгінгі сапардың мақсаты – аудандағы орман шаруашылығын одан әрі дамытып, оның игілігін халыққа жарату. Ауданның оңтүстігінде табиғи тұрғыдан аса маңызды үлкен аумақ бар. Бұл жерде аң-құстың көптеген түрі мекендейді. Арқар, барыс секілді сирек кездесетін жануарлар бар деген деректер айтылады. Сондықтан осындай табиғи байлықты болашақ ұрпаққа аман жеткізу үшін аудан аумағында резерват ашу қажет деген пікірдеміз. Бұл ұсынысты көтеріп жүргеніме он жылдай уақыт болды, – деді ол.

Оның айтуынша, аталған бастама әр жылдары түрлі деңгейде көтеріліп, тиісті мамандар мен жауапты мекемелердің талқылауына ұсынылған. Бұрынғы облыс әкімдері тұсында резерват құруға қатысты алғашқы сызбалар жасалған. Кейін өңір басшылығы ауысқан кезеңдерде де мәселе назардан тыс қалмай, облыстық мәслихат депутаттары, орман шаруашылығы саласына қатысты басқармалар мен мекемелердің қатысуымен қоғамдық қабылдау өткізілген.

Жақсылық Айжанұлының сөзінше, табиғи аумақты қорғауға алу бастамасын облыс әкімі Асхат Шахаров та қолдап, ауданның орман шаруашылығын дамытуға қатысты шешімдер қабылданған. Егер резерват құру мәселесі жүзеге асса, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және қажетті техникалармен қамтамасыз етуге мүмкіндік тумақ.

Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін орман шаруашылығы саласының мамандары да тиісті ұсыныстарын әзірлеуде. Жақында облыстық орман шаруашылығы бөлімінің басшысы Еркебулан Таласбаев Алматы қаласына барып, салаға қажетті техникалар мәселесін көтеріп келген.

Табиғатты қорғау – бір күннің немесе бір мекеменің жұмысы емес. Ол жүйелі жоспарды, нақты қолдауды және жергілікті халықтың белсенді қатысуын қажет етеді. Жарқамыстағы тәлімбақтың тамыр жаюы, орман шаруашылығының қалыптасуы және табиғи аумақты қорғауға қатысты ұсыныстардың көтерілуі – Байғаниндегі табиғатқа жанашырлық бағытындағы жұмыстардың жаңа кезеңге бет алғанын көрсетеді.


Ендігі міндет – қолға алынған бастамаларды жүйелі түрде жалғастырып, ауданның табиғи байлығын сақтауға бағытталған жұмыстарды нақты нәтижелермен толықтыру.

Әйгерім ӨНУАРБЕК

10 тамыз – Абай күні

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Абай күніне орай ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын дәріптеп, кейінгі ұрпаққа мол мұрасын насихаттау мақсатында аудандық мәдениет үйі мен Байғанин аудандық орталық кітапханасының бірлесіп ұйымдастыруымен «Жүрегімнің түбінен терең бойла» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Рухани кеш барысында Абайдың сырлы әндері шырқалып, «Мен бір жұмбақ адаммын...», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң» шығармалары орындалды. Өуезді әндермен қатар «Торы жорға» күйі күмбірлеп, ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқылды. Абай шығармаларына арналған музыкалық композициялар әдеби-сазды кештің мазмұнын байытып, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.

Іс-шара барысында қатысушылардың ақын мұрасын қаншалықты білетінін саралау әрі танымын кеңейту мақсатында «Абай әлеміне саяхат» атты танымдық ойын ұйымдастырылды. Қатысушылар ұлы ақынның өмірі, шығармашылығы, әндері мен қара сөздеріне қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін ортаға салды.

Кеш аясында кітапхана қорынан «Абай – ұлт руханиятының темірқазығы» атты кітап көрмесі жасақталды. Көрмеден ақынның шығармалары, өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу еңбектері, әдеби-сын мақалалар мен түрлі басылымдар орын алды.

Әдеби-сазды кешке қатысушылар Абай әлеміне тереңірек үңіліп, ақынның адам болмысы, білім, еңбек пен елдік туралы терең ойларынан рухани нәр алды.

«Жем-Сағыз» ақпарат

«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервисстердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы



Бағдарлама

«ЖАСЫЛ ЕЛ»: ЖАСТЫҢ ЕҢБЕГІ – ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Жазғы демалысты тиімді өткізіп, еңбекке араласқан жастардың қатары жыл сайын артып келеді. Аудан бойынша «Жасыл ел» бағдарламасы аясында биыл 16 мен 35 жас аралығындағы 140-қа жуық жас, студенттер мен оқушылар еңбек жасағына тартылып, көгалдандыру, абаттандыру, көшеттерді күтіп-баптау және табиғи аумақтардың тазалығын қамтамасыз ету жұмыстарына атсалысуға қамтылған.



Жаз мезгілі – оқушылар мен студенттердің демалыс уақыты болғанымен, көптеген жас үшін бұл кезең еңбек етіп, алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға, өз еңбегі арқылы табыс табуға мүмкіндік беретін уақыт. Осы орайда жастарды уақытша жұмыспен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» бағдарламасының маңызы ерекше. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жастарды маусымдық еңбекке тарту, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырумен қатар, аудан аумағын көгалдандыру мен абаттандыруға үлес қосу. Сонымен бірге жоба жастардың еңбекке деген жауапкершілігін қалыптастырып, табиғатты қорғау мәдениетін сіңіруге ықпал етеді.

Осы бағдарламаға тартылған жастар қазіргі таңда Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде жұмыс істеп, тәлімбақтағы көшеттерді күтіп-баптауға атсалысуда. Мұндағы күнделікті жұмыс сырт көзге қарапайым көрінгенімен, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жас көшеттерді уақытылы суару, айналасын арамшөптерден тазарту, өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдай жасау және тәлімбақ аумағының тазалығын сақтау – жастардың негізгі міндеттерінің қатарында.

Әсіресе жаздың аптап ыстығында көшеттерді уақытылы суарып, олардың жай-күйін бақылаудың маңызы зор. Өйткені отырғызылған ағаштың жерсінугі тек табиғи жағдайға ғана емес, оған жасалған күтімге де байланысты. Сондықтан егілген көшеттердің жағдайын мекеме мамандары тұрақты бақылауда ұстап, суару, арамшөптерден тазарту және өзге де күтім жұмыстарын ұйымдастырады.

Ауданның табиғи-климаттық ерекшелігіне байланысты көгалдандыру жұмыстарында жергілікті жерге бейімделген, қуаңшылыққа төзімді ағаш түрлеріне басымдық беріледі. Соның ішінде қа-



рағаш көшеттерін отырғызу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 2026 жылға орман қоры жерлерінің 325 гектар аумағына ағаш отырғызу жоспарланған. Бүгінде оның 86 гектарына ағаш отырғызылып, 146 200 дана қарағаш көшеті егілді. Ал қалған 239 гектар аумақтағы жұмыстар жоспарға сәйкес жалғасын табады. Бұдан бөлек, күзгі ағаш отырғызу науқаны кезінде тағы 406 300 дана қарағаш

көшетін отырғызу көзделіп отыр, - деді Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің бастығы Нұркен Әбдіжамиев.

Бұл – аудан аумағын көгалдандыру бағытындағы жұмыстың ауқымын көрсететін маңызды көрсеткіш. Алайда ағаш отырғызу жұмыстың бір бөлігі ғана. Одан кейінгі ең маңызды міндет – егілген көшеттердің жерсінуді қамтамасыз



ету. Осы ретте тәлімбақтағы жастардың еңбегі ерекше мәнге ие. Нұркен Әбдіжамиевтің айтуынша, жастардың атқарып жүрген жұмысының тек табиғатты қорғау үшін ғана емес, олардың тәрбиесі үшін де маңызы зор.

Жастардың еңбегі ең алдымен ауданның көркеюіне, жасыл желектің көбеюіне бағытталған. Олар тәлімбақтағы көшеттерді суарып, арамшөптерден тазартып, өсімдіктердің күтіміне жауапкершілікпен қарап келеді. Біз үшін жастардың еңбекке араласуымен қатар, табиғатты аялауды үйренуі де маңызды. Жұмысқа кіріспес бұрын әр жасқа еңбек қауіпсіздігі бойынша тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жазғы кезеңде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, табиғи аумақтарда отты абайлап пайдалану және қоршаған ортаға зиян келтірмеу мәселелеріне де ерекше мән беріледі. «Жасыл ел» жасақтарына жастар тарапынан сұраныс бар. Себебі бұл – еңбек етіп, тәжірибе жинауға және табыс табуға мүмкіндік беретін жоба. Алдағы уақытта да көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына жастарды белсенді тарту жоспарланып отыр. Табиғатты қорғау – белгілі бір науқанның ғана емес, әр азаматтың күнделікті міндеті болуы керек. Жастардың әрбір отырғызған көшеті мен атқарған еңбегі туған жердің көркеюіне қосылған үлес деп білеміз, – деді мекеме басшысы.

Тәлімбақтағы жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Жаз мезгілінде күннің ыстығы, тікенді өсімдіктер мен шағатын жәндіктер жұмыс барысында белгілі бір қауіп тудыруы мүмкін. Сондықтан мекеме жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөледі. Жұмыс басталар алдында еңбек қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жүргізіліп, тікенді шөптерден және шағатын жәндіктерден қорғану үшін қолғап пен бетперде пайдаланудың міндетті екені ескертіледі. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмыс құралдарын дұрыс пайдалану және табиғи аумақта еңбек ету кезінде сақтық шараларын ұстану тұрақты бақылауда болады.

Тәлімбақ шебері Айдар Базарбаев жастардың еңбекке деген ынтасы жоғары екенін атап өтті.

Қуантарлығы, жастар белсенді. Жасақ мүшелерінің арасында пысықтығымен, алғырлығымен, жұмысты тиянақты орындауымен көзге түсетін жастар да бар. Олар өздеріне берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады. Еңбегімен ерекшеленген жастар мүмкіндігінше облыс тарапынан Алғыс хаттармен марапатталады. Сондай-ақ белсенді жастардың Астана қаласына қайдыруға баруына мүмкіндік беріледі. Бұл – жастарды еңбекке ынталандырудың бір жолы. Жастардың қоршаған ортаны таза ұстауға, туған жерге құрметпен қарауға деген сүйіспеншілігі жоғары. Тәлімбақтағы жұмыстың нәтижесін олар күн сайын көріп отыр. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін көшетке күтім жасау – шын мәнінде болашаққа жасалған еңбек, – дейді тәлімбақ шебері.

«Жасыл ел» тек оқушылар мен студенттерге арналған жоба емес. Ол 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастардың да уақытша еңбекпен қамтылуына мүмкіндік береді. Жобаға қатысу үшін құжат қабылдау жұмыстарын Жастар ресурстық орталығы жүргізеді. Одан кейін еңбек шарттарын рәсімдеу, келісімшарттарды Елбек.kz сайтында тіркеу және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығару жұмыстары Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің кадр маманы тарапынан атқарылады.

Мекеменің кадр маманы Гүлжан Ерманның айтуынша, жасақ құрамына қа-

былданғаннан кейін жұмыстан бас тарту жағдайлары жоқтың қасы. Денсаулығына, отбасы жағдайына немесе жұмысты ауыр көруіне байланысты еңбек жолын тоқтатқан жастар болмаған. Кей жағдайда жастар ауырып қалуына немесе басқа да себептерге байланысты жұмысқа келе алмай, сұрануы мүмкін. Мұндай кезде кейін жұмыс күндерін өтеу мүмкіндігі қарастырылады. Ал құжат тапсыру барысында кейбір жастардың өтініш беруден бас тартуы немесе алдағы айларға өтініш беруі мүмкін. Ондай жағдайда бос орындарға басқа санаттағы жастар қабылданады.

Сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін 16 жас пен 35 жас аралығындағы 140-қа жуық жас, студенттер мен оқушылар «Жасыл ел» жасағына тартылды. Әр кезең бір айға созылады. Жалпы жұмыс сәуірден қараша айына дейін жалғасады. Қыркүйек-қазан айларында студенттер мен оқушылардың сабақтары басталған кезде жұмыссыз жастарды қамту жоспарланып отыр. Құжат қабылдау Жастар ресурстық орталығы арқылы жүргізіледі. Кейін еңбек шарттарын толтыру, «Elbek.kz» сайтында келісімшарттарды тіркеу және бұйрық шығару – орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде жүзеге асады.

Жаз айларында өтініш көп болғандықтан, аудан әкімдігінің комиссиялық отырысы негізінде іріктеу жүргізіледі. Бірінші кезекте толық емес отбасылардан шыққан, аз қамтылған, арнайы есепте тұрған жастар қамтылады. Одан кейін көпбалалы отбасылардың балалары қатысады, – дейді Гүлжан Ерман.

Жастар үшін бағдарламаның тағы бір маңызды тұсы – еңбегіне қарай жалақы алуы. Мекеме тарапынан міндетті салықтық ұсталымдар жүргізілгеннен кейін жалақы шамамен 85 100 теңге көлемінде төленеді. Сонымен қатар «Атамекен» жастар қоғамдық бірлестігі тарапынан да жас ерекшеліктеріне сәйкес төлем қарастырылған. Мемлекеттік салық ұсталымдарын шегергенде 16 жастағы жастарға шамамен 75 500 теңге, ал 18 жастан асқандарға 85 500 теңге көлемінде жалақы төленеді. Бұл – жастар үшін өз еңбегімен табыс табуға, қаржылық сауаттылығын арттыруға және еңбек нарығындағы алғашқы тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік.

«Жасыл ел» бағдарламасының мәні тек жастарды уақытша жұмыспен қамтумен шектелмейді. Оның тәрбиелік маңызы да зор. Тәлімбақта еңбек еткен жас табиғатты қорғаудың маңызын іс жүзінде түсінеді. Көшетті суару, оның айналасын тазарту, өсімдіктің жай-күйін бақылау секілді қарапайым көрінген жұмыстардың өзі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бірлесіп еңбек ету арқылы жастар ұжыммен жұмыс істеуді, еңбек тәртібін сақтауды, өзіне жүктелген міндетті соңына дейін орындауды үйренеді.

Ең бастысы – олар өз еңбегінің нәтижесін көзбен көре алады. Бүгін суарып, күтім жасаған кішкентай көшеттің бірнеше жылдан кейін тамыры тереңдеп, жайқалған ағашқа айналуы – жас еңбегінің нақты нәтижесі. Осы арқылы жастардың туған жерге, оның табиғатына деген көзқарасы да қалыптасады.

Байғаниннің табиғи-климаттық жағдайында жасыл желекті көбейту оңай шаруа емес. Қуаңшылыққа бейім өңірде отырғызылған әрбір көшеттің жерсінугі үшін жүйелі күтім қажет. Сондықтан 325 гектар аумаққа ағаш отырғызу жоспары, бүгінге дейін егілген 146 200 қарағаш көшеті және күзгі науқанда отырғызылатын 406 300 көшет – бір ғана отырғызу науқаны емес, ұзақ мерзімді еңбекті қажет ететін ауқымды жұмыстың көрсеткіші.

Өйгерім КАРИМАН

Мәселе

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Жаз мезгілі – табиғат аясына шығу, демалу, суға шомылу маусымы. Алайда аптап ыстық пен құрғақшылық өрт қаупін арттырса, су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын сақтамау қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты ауданда өрттің алдын алу, судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайларға дайындық бағытында бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Осы туралы және жазғы өрт қауіпті кезеңдегі ахуал, табиғи өрттердің негізгі себептері, судағы қауіпсіздік талаптары, тұрғындардың жауапкершілігі мен құтқарушылардың дайындығы туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Еркебұлан Баймұхановпен сұхбаттасқан едік.



– Еркебұлан Ершегеұлы, алдымен жазғы өрт қауіпті кезеңге тоқталсақ. Аудан аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Жаз мезгілі басталғаннан бері өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауға алынды. Өйткені ауа температурасының жоғарылауы, құрғақшылық пен желдің күшеюі дала және табиғи өрттердің шығу қаупін арттырады. Осыған байланысты төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп келеді. Атап айтқанда, тұрғын үйлерді аралау барысында азаматтарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі. Өсіресе ауалардағы қоқысты, құрғақ шөпті жағуға жол бермеу, электр және газ қондырғыларын қауіпсіз пайдалану, балаларды отпен ойнаудан сақтау мәселелеріне баса назар аударылады.

Сонымен бірге өрт қауіпсіздігіне қатысты ақпараттар аудандық «Жем-Сағыз» газетінде тұрақты түрде жарияланып келеді. Аудан әкімдігінің, ауылдық округтердің және білім беру ұйымдарының әлеуметтік желідегі парақшаларында да тұрғындарға қажетті ескертулер мен түсіндіру материалдары орналастырылуда. Біздің мақсатымыз – өрт болғаннан кейін әрекет етуден гөрі, оның алдын алуға басымдық беру.

– Биыл аудан бойынша қанша өрт оқиғасы тіркелді? Өткен жылмен салыстырғанда жағдай қалай өзгерді?

– 2026 жылдың басынан бері аудан аумағында осы күнге дейін 4 өрт оқиғасы тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіштің төмендегенін байқаймыз. 2025 жылы осы кезеңде 6 өрт оқиғасы тіркелген болатын. Яғни биыл өрт саны 2 жағдайға азайды.

Дегенмен бұл көрсеткішке қарап боасаңсуға болмайды. Себебі жазғы өрт қауіпті кезеңі әлі жалғасуда. Өсіресе құрғақ әрі желді күндері шағын ғана оттың өзі үлкен аумаққа таралуы мүмкін. Сондықтан әрбір азамат өзінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы қажет.

– Табиғи өрттердің шығуына қандай факторлар әсер етеді? Ал адам әрекетінен болатын өрт неден шығады? Тұрғындар көбіне қандай қателіктер жібереді?

– Табиғи өрттердің себептерін негізінен табиғи және адам әрекетінен болатын себептер деп екіге бөлуге болады. Табиғи факторларға найзағайдың түсуі, ұзақ уақытқа созылған құрғақшылық, аптап ыстық және қатты жел жатады. Өсіресе құрғақ өсімдіктер көп шоғырланған аумақта желдің әсерінен өрт өте жылдам таралады.

Ал адам әрекетінен болатын өрттер көбіне қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамаудан туындайды. Мысалы, табиғатта сөндірілмеген отты қалдыру, темекі тұқылын жерге тастау, құрғақ шөп пен қоқысты өртеу, ауыл шаруашылығы техникаларынан шыққан ұшқындар өртке себеп болуы мүмкін. Электр желілеріндегі ақаулардан немесе техникалық құралдардың жарамсыздығынан да өрт шығу қаупі бар.

Сондықтан табиғат аясына шыққан әр азамат өзінен кейін оттың толық сөн-

дірілгеніне көз жеткізуі керек. Бір адамның жауапсыз әрекеті үлкен аумаққа залал келтіріп, адам өміріне қауіп төндіруі ықтимал.

– Дала және орман алқаптарындағы профилактикалық жұмыстарға тоқталып өтсеңіз.

– Өрттің алдын алу мақсатында дала және орман алқаптарында тұрақты түрде патрульдік рейдтер ұйымдастырылады. Бұл жұмыстарға төтенше жағдайлар қызметімен қатар орман шаруашылығы, жергілікті атқарушы органдар мен полиция қызметкерлері де тартылады.

Рейд барысында демалушыларға, аңшыларға, малшыларға және табиғат аясында жүрген азаматтарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі. Арнайы жадынамалар таратылып, өрт қауіп жоғары кезеңдегі шектеулер мен талаптар жеткізіледі.

Сонымен қатар өртке қарсы минералды жолақтардың жағдайы, өрт сөндіру техникалары мен су көздерінің дайындығы тексеріліп отырады. Мұндай шаралардың басты мақсаты – өрттің алдын алу және төтенше жағдай туындаған кезде оны қысқа мерзімде ауыздықтауға мүмкіндік жасау.

– Өрт қауіпті кезеңде тұрғындар қандай негізгі талаптарды есте ұстауы керек?

– Ең алдымен, орман мен далада от жағуға болмайды, ал арнайы рұқсат етілген жерде от жағылған жағдайда оны кетер алдында толық сөндіру қажет. Темекі тұқылы мен сіріңкені жерге тастауға, құрғақ шөпті, қоқысты және егін қалдықтарын өртеуге жол берілмейді.

Сонымен қатар табиғатта шыны бөтелкелер мен басқа да жанғыш заттарды қалдырмау керек. Балаларды отпен ойнаудан сақтау – ата-аналардың басты міндеттерінің бірі. Сондай-ақ өрт қаупі жоғары кезеңде орманға баруға қойылған шектеулер болса, оны қатаң сақтау қажет.

Егер өрт немесе қою түтін байқалса, оны өз бетімен сөндіруге тырысып, өміріне қауіп төндірмеу керек. Бірден қауіпсіз жерге шығып, 112 нөміріне хабарлаған жөн. Өрттің қай жерде болғанын, шамамен қандай аумақта екенін нақты айту – құтқарушылардың оқиға орнына жылдам жетуіне көмектеседі.

– Жазғы маусым ауыл шаруашылығы құрылымдары үшін де жауапты кезең. Осы жерде туындайтын заңды сұрақ - шаруа қожалықтары қандай өрт қауіпсіздігі талаптарын орындауы тиіс?

– Ия, ауыл шаруашылығы құрылымдарының өрт қауіпсіздігіне жауапкершілігі жоғары болуы керек. Өсіресе егін жинау науқаны кезінде техникалар мен алқаптарда қауіпсіздік талаптарын сақтау аса маңызды.

Шаруа қожалықтары егістік пен шабындықтағы құрғақ шөп пен сабанды рұқсатсыз өртемеуі тиіс. Астық алқаптарының айналасы минералды жолақтармен қоршалып, аумақ жанғыш қалдықтардан тазартылуы қажет.

Ауыл шаруашылығы техникалары жарамды күйде болуы, өрт сөндіргіштермен және қажетті құралдармен жабдықталуы керек. Жанармай мен майлау материалдары арнайы белгілен-

ген қауіпсіз орындарда сақталуы тиіс. Сонымен бірге жұмысшыларға өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізіліп, төтенше жағдай кезінде не істеу керектігі түсіндірілуі қажет.

Бұл талаптар тек қағаз жүзінде орындалмай, күнделікті бақылауда болуы керек. Себебі егістік алқаптарындағы өрт материалдық шығынмен қатар, үлкен аумаққа таралып кетуі мүмкін.

– Енді судағы қауіпсіздік мәселесіне тоқталсақ. Биыл аудан бойынша қанша коммуналдық жағажай жұмыс істейді?

– 2026 жылдың жазғы өрт қауіпті кезеңіне және суға түсу маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларға байланысты 2026 жылғы 19 маусымдағы №130 қаулы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес аудан аумағында 2 коммуналдық жағажай белгіленді. Олар – Қызылбұлақ ауылдық округінің Кемерши ауылындағы Жем өзені жағалауы және Миялы ауылдық округінің Миялы ауылындағы Жем өзені жағалауы. Тұрғындарға суға түсу кезінде дәл осы рұқсат етілген, қауіпсіздік талаптары сақталған орындарды таңдауға кеңес береміз. Рұқсат етілмеген жерлерде суға түсу – өз өміріне ғана емес, құтқарушылардың өміріне де қауіп төндіреді.

– Жаз басталғалы бері судағы жағдай қандай? Өткен жылмен салыстырғанда қандай да бір өзгеріс бар ма?

– Қуантатыны, жазғы шомылу маусымы басталғалы бері аудан аумағында судағы жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ. Бұл – профилактикалық жұмыстардың нәтижесімен қатар, тұрғындардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Алайда өткен жылы ауданымызда қайғылы жағдай орын алғанын ұмытпауымыз керек. Алтай батыр ауылында рұқсат етілмеген жерде, Сағыз өзенінде шомылған бір мектеп оқушысы суға батып қайтыс болды.

Судағы жазатайым оқиғалардың басты себептерінің бірі – балаларды ата-аналардың қараусыз қалдыруы және рұқсат етілмеген жерлерде шомылу. Сондықтан қауіпсіздік талаптарын сақтау – қайғылы жағдайдың алдын алудың ең тиімді жолы.

– Балалардың судағы қауіпсіздігіне қатысты ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең бастысы – баланы су айдынының жанында ешқашан қараусыз қалдырмау. Ересек адамның тұрақты бақылауы – баланың судағы қауіпсіздігінің негізгі кепілі.

Балаларға өздігінен өзенге, көлге немесе басқа да су айдындарына баруға рұқсат бермеу керек. Шомылуға тек арнайы жабдықталған, рұқсат етілген жағажайларды таңдаған жөн.

Балаларға терең жерге бармау, суға секірмеу, бірін-бірі су астына итермеу сияқты қарапайым, бірақ өте маңызды ережелерді түсіндіру қажет. Егер қайыққа немесе катамаранға мінсе, құтқару кеудешесін міндетті түрде кигені дұрыс.

Сонымен қатар ауа райы қолайсыз кезде, су ағысы қатты немесе түбі белгісіз жерлерде шомылудан бас тарту



керек. Ата-ананың бір сәттік немқұрайлылығы орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақырамыз.

– Рұқсат етілмеген жерде шомылған азаматтарға қандай да бір жауапкершілік қарастырылған ба?

– Иә, су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес су айдынында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау жауапкершілікке әкеп соғады.

Қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаған жағдайда су айдындарында қауіпсіздік қағидала-

– Жалпы тұрғындар төтенше жағдайға тап болған кезде ең алдымен қандай әрекет жасауы керек?

– Ең бастысы – сабыр сақтау және жағдайды дұрыс бағалау. Дүрбелеңге бой алдырмай, қауіп төнген аумақтан қауіпсіз жерге ұйымдасқан түрде шығу қажет. Оқиға туралы бірыңғай құтқару қызметінің 112 нөміріне, қажет болған жағдайда 101 – өрт сөндіру қызметіне, 102 – полицияға, 103 – жедел жәрдемге хабарласу керек. Мүмкіндік болса, газ бен электр қуатын өшіріп, қауіпсіз жерге шығу қажет. Балаларға, қарттарға және көмекке мұқтаж адамдарға жәрдемдескен жөн. Ең маңыздысы – төтенше жағдайлар қызметі мен жергілікті атқарушы органдардың ресми хабарламалары мен нұсқауларын орындау.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде расталмаған ақпаратты таратпауға шақырамыз. Төтенше жағдай кезін-



рының сақталуына жауапты тұлғалардың оларды бұзуы немесе орындамауы жеке тұлғаларға 7 АЕК, лауазымды адамдарға және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 10 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 20 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 60 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға негіз болады.

Сондықтан белгіленген талаптарды сақтаудың маңызы зор. Бұл жерде мақсат – азаматтарды жазалау емес, ең алдымен олардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

– Құтқарушылардың төтенше жағдайға дайындығы қандай деңгейде?

– Құтқарушылардың кәсіби дай-

де жалған ақпарат тұрғындар арасында үрей туғызып, құтқару жұмыстарына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан тек ресми ақпарат көздеріне сенген дұрыс.

– Сұхбат соңында жазғы демалыс кезеңінде тұрғындарға қандай басты ескерту айтар едіңіз?

– Жаз – демалып, табиғат аясында уақыт өткізетін кезең. Бірақ қауіпсіздік ережелерін ұмытпауа болмайды. Өрт қауіпсіздігі бойынша табиғатта отты тек рұқсат етілген жерде жағып, кетер кезде толық сөндіру, темекі тұқылы мен сіріңкені тастамау, құрғақ шөп пен қоқысты өртемеу қажет.

Суға шомылған кезде тек рұқсат етілген жағажайларды пайдалану, балаларды қараусыз қалдырмау, мас күйінде суға түспеу, суға секірмеу және ауа райы



ыңдығы бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты түрде жүргізіледі. Күнделікті дайындық сабақтары мен практикалық жаттығулар өткізіліп, әртүрлі төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету алгоритмдері пысықталады.

Сонымен қатар бөлімнің материалдық-техникалық базасы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіліп, қажетті құрал-жабдықтар жаңартылды. Мұның барлығы төтенше жағдай орын алған кезде жедел өрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Дегенмен кез келген төтенше жағдайдың салдарын жоюдан бұрын оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан біздің негізгі бағытымыз – құтқару жұмыстарымен қатар, профилактика және тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын күшейту.

қолайсыз кезде суға бармау керек.

Қауіпсіздік ережелері қарапайым болғанымен, олардың әрқайсысы адам өмірін сақтап қалуға бағытталған. Төтенше жағдайдың алдын алу тек құтқарушылардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр тұрғын өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, белгіленген талаптарды сақтаса, көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Барша аудан тұрғындарын жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауға, балаларға ерекше көңіл бөлуге және төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне дер кезінде хабарласуға шақырамын. Ең бастысы – амандық пен қауіпсіздік!

– Өңіміңізге рақмет.

Әйгерім ЖАРТИНА

ТАЗАЛЫҚ – СЕНБІЛІКТЕН БАСТАЛМАЙДЫ



Тазалық – адам мәдениетінің айнасы. Әр адам таза әрі көрікті жерде өмір сүргісі келеді. Бірақ тазалықты тек сенбіліктен байланыстыруға болмайды. Сенбілік кезінде тазаланған аумақ бірнеше күннен кейін қайта қоқысқа толса, атқарылған жұмыстың нәтижесі қанша уақытқа жетпек? Сондықтан менің ойымша, тазалық бір күндік шарадан емес, адамның күнделікті әдеті мен тәрбиесінен басталады.

«Таза Қазақстан» бастамасының маңызы да осында деп ойлаймын. Бұл – еліміздің көшелері мен аулаларын тазалау ғана емес, адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертуге бағытталған маңызды бастама. Оның басты мақсаты – әр адамға қоршаған ортаны қорғау бәрімізге ортақ міндет екенін түсіндіру.

Ауданымызда да «Таза Қазақстан» акциясы аясында көптеген жұмыстар жүргізіліп келеді. Елді мекендер тазаланып, көшелер абаттандырылып, көгалдандыру жұмыстары атқарылуда. Ағаштар мен көшеттер отырғызылып, тұрғындар тазалық жұмыстарына белсенді қатысуда. Осындай жұмыстардың арқасында туған жеріміздің көркі де жақсара түседі.

Бірақ тазалықты сақтау тек арнайы қызметкерлердің міндеті емес. Әр тұрғын өзінен бастауы керек. Қоқысты жерге тастамау, оны арнайы жәшікке салу, ағашты сындырмау, гүлдерді таптамау, табиғат аясында демалғаннан кейін орынды жинап кету – қарапайым ғана әрекеттер. Осындай қарапайым әдеттерді күнделікті орындасақ, айналамыз да таза болады.

Кейде адамдар «Бір ғана қоқыстан не өзгереді?» деп ойлауы мүмкін. Бірақ бір

адамның тастаған қоқысына екінші адам өз қоқысын қосса, таза жер біртіндеп ластана бастайды. Ал керісінше, бір адам тазалық сақтаса, оны көрген адам да үлгі алуы мүмкін. Сондықтан тазалықтың да жақсы жағынан жұғатын қасиеті бар деп ойлаймын.

Қоқыстың көзден таса болуы оның табиғаттан жоғалғанын білдірмейді. Пластик бөтелкелер, полиэтилен пакеттер және басқа да тұрмыстық қалдықтар қоршаған ортаға зиян келтіреді. Әсіресе қоқысты белгіленбеген жерге тастау – елді мекеннің тазалығына ғана емес, табиғатқа да кері әсер етеді. Сондықтан әр адам өзінен кейін қоқыс қалдырмауға тырысуы керек.

Табиғатты қорғау бала кезден қалыптасады. Бала үлкендерге қарап өседі. Егер үйде ата-анасы тазалық сақтап, табиғатқа ұқыпты қараса, бала да осыны үйренеді. Ал мектепте сенбіліктерге қатысу, ағаш отырғызу, мектеп ауласын таза ұстау арқылы біз қоршаған ортаға жанашыр болуды үйренеміз.

Мен оқушы ретінде табиғатты қорғауға өз үлесімді қоса аламын. Мысалы, қоқысты жерге тастамау, достарыма тазалық сақтау керектігін айту, мектепте және қоғамдық орындарда ұқыпты болу –



менің қолымнан келетін қарапайым істер. Меніңше, әр адам осылай өзінен бастаса, қоғамда үлкен өзгеріс болады.

Тазалық – тек сыртқы көрініс емес. Ол адамның туған жеріне деген құрметін көрсетеді. Туған жерін сүйетін адам оның табиғатын ластамайды, ағашын сындырмайды, айналасына ұқыпты қарайды. Себебі біз табиғатты бүгінгі күн үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін де сақтап қалуымыз керек.

«Таза Қазақстан» бастамасы бізге осы жауапкершілікті түсінуге көмектеседі. Оның нәтижесін тек тазаланған көшелерден немесе жиналған қоқыстан ғана емес, адамдардың санасындағы өзгерістен көруіміз керек. Бүгін тазаланған жердің ертең де таза тұруы, отырғызылған көшеттің күтіліп, үлкен ағашқа айналуы – нағыз нәтиже.

Қорыта айтқанда, тазалық – сенбіліктен басталмайды. Ол адамның өзінен, отбасынан, тәрбиесінен және күнделікті әдетінен басталады. Егер әрқайсымыз табиғатқа жанашыр болып, қоқысты кез келген жерге тастамай, айналамызға ұқыпты қарасақ, туған жеріміз де таза әрі көрікті болады.

Менің ойымша, «Таза Қазақстан» – тазалықты талап ететін емес, тазалықты өз жүрегімен сезінетін ұрпақ тәрбиелейтін бастама. Ал сондай таза қоғам құру – әрқайсымыздың қолымызда.

**Нұршат Байниязова,
Қажығали Мұханбетқалиұлы
атындағы мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы.**

Жартыбаев Қошқарбай

1937жылы Сарытоғай ауылдық кеңесіне қарасты Баршақұм ауылында туған. Еңбек жолын 1953жылы «Баршақұм» колхозында шопан болудан бастаған. 1982жылға дейін «Алтай» совхозында, одан әрі зейнеткерлікке шыққанға дейін «Дияр» совхозында аға шопан болып еңбек еткен.

Оның кәсіби шеберлігі мен жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген марапаттарға ие болды.

Жартыбаевтың Қошқарбайдың алғашқы наградасы - «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Еңбекте үздік шыққаны үшін медалі(1971), «Еңбек Қызыл Ту» ордені (1973), «Октябрь революциясы» ордені (1976), «Еңбек Құрмет белгісі» ордені(1981), 1975жылы «Қазақ КСР-і ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» құрметті атағы берілді. 1985жылы он бірінші шақырылған Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақстан Компартиясының XV съезіне делегат болып қатысады. Бүкілодақтық халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің Алтын, Күміс медальдарына ие болды. Есімі қой шаруашылығын өркендетудегі ерелі істері арқылы көпке мәлім болса, ол ауданымыздың даңқын тағы бір биікке көтерген, атағы ресми құжатта хатталмаған Еңбек ері деп айтуға толық негіз бар.

Жартыбаев Қошқарбайдың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасына және туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Байғанин ауданының ардагерлер кеңесі

КӨШЕДЕ ДІНИ ӘДЕБИЕТ ТАРАТЫЛСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазіргі қоғамда көшелерде, саябақтарда, қоғамдық көлік аядамаларында немесе халық көп жиналатын орындарда әртүрлі ұйымдардың ақпараттық материалдар таратып жүргенін жиі кездестіруге болады. Олардың арасында діни кітаптар, брошюралар, журналдар мен үнпарақтар да кездеседі. Мұндай жағдайда әр азамат өз құқықтарын біліп, саналы әрі заң талаптарына сай шешім қабылдауы қажет.

Ең алдымен, көшеде ұсынылған діни әдебиетті алу немесе алмау – әр адамның жеке таңдауы. Егер ұсынылған материал сізді қызықтырмаса, «Рақмет, қажет емес» деп сыпайы түрде бас тартуға толық құқығыңыз бар. Ешкім сізді діни әдебиетті қабылдауға немесе белгілі бір діни көзқарасты ұстануға мәжбүрлей алмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы әр азаматтың ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Сонымен



қатар діни әдебиетті таратуға да нақты талаптар қояды. Діни мазмұндағы кітаптар, брошюралар және өзге де материалдар заңда белгіленген тәртіппен ғана таратылуы тиіс. Белгіленген талаптарды сақтамай қоғамдық орындарда діни әдебиет тарату заң талаптарын бұзу болып саналуы мүмкін.

Сондықтан көшеде ұсынылған діни материалдарға сын көзбен қарап, оның қай ұйым атынан таратылып жатқанын және заң талаптарының сақталғанын ескерген жөн. Кез келген ақпаратты, әсіресе діни мазмұндағы материалдарды, ресми дереккөздермен салыстырып, оның шынайылығына көз жеткізу маңызды. Қажет болған жағдайда дінтану саласындағы мамандардың немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың түсіндірмелеріне сүйенген дұрыс.

Кей жағдайда діни әдебиет таратушылар адамдарды әңгімеге тартып, өз ұйымдары туралы кеңінен ақпарат беруге тырысуы мүмкін. Егер мұндай әңгімеге қатысу ниетіңіз болмаса, сыпайы түрде бас тартып, өз жолыңызды жалғастырған жеткілікті. Ал егер сізге қысым көрсетілсе, мазаласа немесе заңсыз әрекеттер байқалса, қауіпсіз жерге кетіп, қажет болған жағдайда құқық қорғау немесе басқа да уәкілетті органдарға хабарлаған жөн.

Заң талаптарын сақтау – діни сенім бостандығын шектеу емес, керісінше қоғамдық келісімді, азаматтардың құқықтарын және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қағида. Әрбір азамат заңды құрметтеп, өз құқықтарын білсе, қоғамдағы тұрақтылық пен өзара сыйластықтың нығаяуына үлес қосады.

Байғанин аудандық дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы

Хабарландыру

Аудан орталығы Қарауылкелді ауылы, Бірлік көшесі 2/12 үйдің тұрғыны Кубесова Елена Мусалимовнаның жеке куәлігінің жоғалуына байланысты жарықсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«САГИЗ ПЕТРОЛЕУМ КОМПАНИ» ЖШС

Ақтөбе облысы Байғанин ауданында орналасқан нысандардың жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр:

- 2026-2031 жылдарға арналған Тасқұдық кен орнының МДОП көздерінен атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары;
- Тасқұдық кен орны үшін 2026-2035 жылдарға арналған көздерден атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.
- Оңтүстік Ащыкөл кен орны үшін 2026-2035 жылдарға арналған көздерден атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. Географиялық координаттары: МДОП Тасқұдық: с.е. 48°10'13" ш.б. 55°15'00", Тасқұдық кен орнына 48°25'60" с.е. 55°13'60" ш.б., Оңтүстік Ащыкөл кен орнына 48°25'60" с.е. 55°13'60" ш.б.

Zoom платформасына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/74791371961?pwd=ZlndynwlnNbotqItL7gKcVg5U4W7JC.1>

Конференция идентификаторы: 747 9137 1961 Код: xLq1sE. Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Сагиз Петролеум Компани» ЖШС, мекен-жайы: Ақтөбе қ., пр. Сәңкібай батыр көшесі, 167 В. БСН 010240005009, ИИК KZ229130013112210 АҚ ДБ «Қазақстандағы Қытай банкі» 8 (7132) 410420. Электрондық пошта: doc@spsc.kz

Тасқұдық кен орнының МДОП жобасын әзірлеуші: «Asia consult» ЖШС ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр, 1/321,320 оф. e-mail: asiaconsult@bk.ru. тел.: 87719089999.

Тасқұдық және Оңтүстік Ащыкөл орындарының жобаларын әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971. Нақты мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр 74 «В»; Тел: 8 (7132) 90-55-66

Жобалар www.ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша сұратуға болады тел.: 8 777 554 4181, e-mail: salimov@spsc.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар: www.ndbecology.gov.kz сілтемесі бойынша, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады: aktobe.urptr@yandex.kz.

Объектінің атауы	Өткізу орны:	Өткізу күні мен уақыты	Координаттар
Тасқұдық кен орнының МДОП, Тасқұдық кен орны	Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қопа с.о., Ебейты ауылы, Желіс көш, 9	28.09.2026ж 15:00	с.е. 48°10'13" ш.б. 55°15'00" 48°25'60" с.е. 55°13'60" ш.б.
Оңтүстік Ащыкөл кен орны	Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ащы с.о., Ноғайты ауылы, Орталық көш, 9	28.09.2026ж 11:00	48°25'60" с.е. 55°13'60" ш.б.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «САГИЗ ПЕТРОЛЕУМ КОМПАНИ»

планирует проведение общественных слушаний по проектам объектов, находящихся в Байганинском районе Актыбинской области:

- Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от источников ЦППН месторождения Таскудук на 2026-2031 гг. Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий;
- Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от источников месторождения Таскудук на 2026-2035 гг., Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий.
- Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от источников месторождения Ащиколь Южный на 2026-2035 гг., Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий.

Территория воздействия: Актыбинская обл., Байганинский район. Геогр. координаты ЦППН Таскудук: с.ш. 48°10'13" в.д. 55°15'00", м/р Таскудук 48°25'60" с.ш. 55°13'60" в.д., м/р Ащиколь Южный 48°25'60" с.ш. 55°13'60" в.д.

Ссылка на платформу Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/74791371961?pwd=ZlndynwlnNbotqItL7gKcVg5U4W7JC.1>

Идентификатор конференции: 747 9137 1961 Код доступа: xLq1sE.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Сагиз Петролеум Компани» адрес: г. Ақтөбе, пр. Санкибай батыра, 167В, БИН 010240005009, ИИК KZ229130013112210 в АО ДБ «Банк Китая в Казахстане», тел. 8 (7132) 410420, электронный адрес: doc@spsc.kz.

Разработчик проекта ЦППН месторождения Таскудук: ТОО «Asia consult» г. Ақтөбе, ул. Санкибай батыра,д.1/оф.321,320. e-mail: asiaconsult@bk.ru. моб. тел.:87719089999.

Разработчик проектов месторождений Ащиколь Южный и Таскудук: ТОО «Алия и Ко» БИН 070540000971. Факт. адрес: г.Ақтөбе, Санкибай батыра 74 «В»; Тел: 8 (7132) 90-55-66.

Материалы размещены на сайте www.ndbecology.gov.kz, а также на <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Дополнительную информацию по материалам проекта можно ознакомиться по номеру: моб. тел.: 8 777 554 4181, e-mail: salimov@spsc.kz.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке www.ndbecology.gov.kz, а также по электронной почте: aktobe.urptr@yandex.kz.

Наименование объекта	Место проведения:	Дата и время проведения	Координаты
ЦППН месторождения Таскудук, месторождение Таскудук	Актыбинская область, Байганинский район, Копинский с.о., с.Ебейты, ул. Женис, 9	28.09.2026г 15:00	с.ш. 48°10'13" в.д. 55°15'00" 48°25'60" с.ш. 55°13'60"
Месторождение Ащиколь Южный	Актыбинская область, Байганинский район, Ащинский с.о., с.Ногайты, ул. Орталык, 9	28.09.2026г 11:00	48°25'60" с.ш. 55°13'60" в.д

ЖЕМ - САГЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сагыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1325
Тапсырыс №1227
Көлемі 1 баспа табақ.